

КОРПОРАТИВТІК ЖУРНАЛ

BURGYLAU

Қыдырбай АҚМОЛДАЕВ –
«ҮЗДІК ҚОНДЫРҒЫ БАСТЫҒЫ», темір тұлпар иегері



«Бұрғылау»
№3/03 (қазан 2018)


Құрылтайшы:
130200, «Бұрғылау» ЖШС,
Жаңаөзен қаласы,
өндірістік аймақ.
Байланыс телефоны:
8(72934) 92-400 (7096)

Жоба координаторы:
«Бұрғылау» ЖШС,
Әлеуметтік даму бөлімі

Редакция алқасы:
Айжанат Казиева
Ринат Скаков

- 4 - «БҰРҒЫЛАУ» СЕРІКТЕСТІГІ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІН АТАП ӨТТІ
- 6 - 50 ЖЫЛДЫҚ ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ
- 7 - «БҰРҒЫШЫЛАР» АЛЛЕЯСЫНДА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ
- 8 - МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ СЫЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ ӨТКІЗІЛДІ
- 9 - КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ
- 10 - «ҚЫС-2018» ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ
- 12 - ҚАЙЫРЫМДЫ ІС
- 18 - БІЛІКТІ БАСШЫ, ЕҢБЕКҚОР МҰНАЙШЫ
- 20 - МАҚСАТЫ – АЙҚЫН, ҚАДАМЫ – НЫҚ АЗАМАТ
- 22 - «НҰР-ӨЛЕНГЕ» ДЕМЕУШІЛІК КӨРСЕТІЛДІ
- 23 - ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАЛАРЫ ӨТТІ
- 24 - МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ
- 26 - КӘСІБІН ШЕБЕР МЕҢГЕРГЕН МАМАН
- 28 - БАЛА КӨЗҚАРАСЫ
- 30 - БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ
- 36 - ЕЛ ИГІЛІГІ БАСТЫ НАЗАРДА
- 37 - СЕНБІЛІК
- 38 - КҮМІСТЕН АЛҚА ТАҒЫНҒАН СПОРТШЫЛАР
- 39 - САЛАУАТТЫ ӨМІР – ЗАМАН ТАЛАБЫ
- 40 - СПАРТАКИАДАНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Журнал Алматы қаласы,
«GUPPY PRINT» баспаханасында басылып шықты.
Тираж - 95 дана
Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға рұқсат етілмейді.
Редакцияға жолданған материалдарға
рецензия жасалмайды және қолжазба авторға
қайтарылмайды.



«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС МҰНАЙШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ



Кәсіпорын басшылығы мекеменің дамуына зор үлес қосқан қызметкерлерге сый-сияпат жасап, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Жарты ғасырға жуық тарихы бар кәсіпорында бүгінде 2000-нан астам қызметкер еңбек етуде. Тынымсыз еңбек арқасында халық игілігі мен ұрпақтың ертеңі үшін маңдай терін төгетін мұнайшылар еңбегі кейінгі ізбасарларына үлгі-өнеге. Бүкіл қазақ елі осы мұнайшылар үлесімен алдыңғы қатарлы мемлекет қатарына қосылып, одан әрі көркейе береді деп сенеміз! Мекеме басшылығы серіктестіктің дамуына сүбелі үлес қосқан қызметкерлерге сый-сияпат жасап, төл мерекелерімен құттықтады.

«БҰРҒЫЛАУ» СЕРІКТЕСТІГІ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІН АТАП ӨТТІ

Тәуелсіз еліміздегі ең асыл мамандық иелерінің бірі – мұнайшылар. Күннің аптап ыстығында, аязды боранында да еш тыным таппастан қызмет ететін еңбекқор жандар жоғары мақтауға лайық. Азаттықтың алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау кезеңде халқымыздың үміт артқаны да, сол үмітті ақтап елімізді қолтығынан демеген де осы мұнай мен газ саласы. Қазақ даласының шартарабына шапағаты тараған қара алтын – халқымызға табиғаттың берген таңғажайып тартуы. Мемлекетіміздегі басты байлықты игерушілер мерекесінің жоғары деңгейде аталып өтілуі де маңызды.

«Бұрғылау» мекемесі Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнін кеңінен атап өтті. Мерекеге орай салтанатты жиын ұйымдастырылып, бірқатар үздік мамандар марапатқа ие болды. Шарада Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары С.Танаева құттықтау





сөз сөйлеп, барша мұнайшыларға ерен еңбектері үшін алғыс білдірді. Қара алтын игерушілерге қала басшысының атынан алғыс хаттарды табыс етті. Ал мекеме басшылығы серіктестіктің дамуына сүбелі үлес қосқан қызметкерлерге сый-сияпат жасап, төл мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ, бірнеше еңбек озаттары Құрмет тақтасына енгізілді.

Шарада «Үздік бұрғылау бригадасы» дипломына Айтжанов бригадасы ие болса, «Үздік ұңғымаларды игеру бригадасы» дипломын М.Омаров бригадасы жеңіп алды. Ал «Үздік цех» аталымын «ОИТҚ» иеленді. Барлық жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар берілді. Жыл сайынғы дәстүр бойынша кәсіпорынның даму жолында аянбай еңбек еткен білікті маманға темір тұлпар сыйға тартылды. Бұл жолы су жаңа көліктің иесі атану бақыты қондырғы бастығы Қ. Ақмолдаевқа бұйырды. Өндірістің озат маманы, өз кәсібінің шебері атанған жанға Hyundai маркалы автокөлігі берілді. Сәні мен салтанаты жарасқан кеште ән айтылып, би биленді. Жер қойнауындағы қазынаны игеріп, ел экономикасына салмақты үлес қосып отырған мұнайшылар күні жоғары деңгейде аталып өтті.

50 ЖЫЛДЫҚ ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Жаңаөзен қаласы - мұнайшылардың еңбегіне негіз, жерұйығын іздеген қандастарымызға атамекен бола білген киелі өлке. Жарты ғасыр бұрын іргетасы қаланған мекеннің құрылуы қара алтын – мұнаймен байланысты. Қаланың 50 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып, түбектің дамуы жолында еңбек еткен тұлғалар төсбелгімен марапатталды. «Бұрғылау» мекемесінің қазметкерлері де Жаңаөзен қаласының мерейтойына орай марапатқа ие болды. Үздік мұнайшыларға Жаңаөзеннің 50 жылдық төсбелгісі мен алғыс хаттар табыс етілді. Бүгінде «Бұрғылау» серіктестігінде 2000-нан астам азамат жұмыс жасайды. Әрқайсысы өз ісінің шебері. Сан жылдар бойы шаршауды білмеген, шабытымен өзгелерді ынталандырған жандарға қала әкімінің орынбасары Исахан Сағынбаев жылы лебізін білдірді: «Құрметті, мұнайшылар! Сіздер қаламыздың дамуына мол үлес қосып келесіздер! 50 жылда қаламыздың жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтуға тұрарлық деп есептеймін. Сол мәртебенің салмақты бөлігі сіздердің еншілеріңізде. Сондықтан сіздерді айтулы мерекемен құттықтай отырып, бастарыңызға амандық, жанұяларыңызға береке-бірлік, жұмыстарыңызға табыс, елімізге тыныштық тілейміз!



Әрдайым аянбай еңбек етіп, мемлекетіміздің өркендеуі жолында абыройлы қызмет ете беріңіздер!», - деді басшы.

Расыменде, жетекші кәсіпорындардың қала дамуында алар орны қашанда ерекше. Марапатталғандардың қатарында үздік маман Оңдаған Қарамурзаев та бар. 35 жыл мұнай саласында қызмет еткен үздік маман, бір ұлдан, 4 немере сүйген ардақты ата. Жаңаөзен қаласының дамуына үлес қосқан мұнайшы, өз ықыласын жеткізді. «Біздерді – мұнайшылар қауымын қаланың мерейтойымен құттықтап, арнайы медальдармен марапаттап жатқан қала басшыларына алғысым шексіз. Еңбегімізді елеп, мәртебемізді көтеріп жатыр, өте ризамыз. Қаламыздың көркі арта берсін! Барлығымыз оның жан-жақты дамуына ат салыса берейік! Халқымыздың аузы бір болып, тыныштықта, бейбітшілікте өмір сүре берейік!», - деді кәсіби маман.

Салтанатты шара барысында мұнай майталмандарына арналған концерттік кеш ұйымдастырылды. Мұнайгаз саласының дамуына айрықша үлес қосқан мамандардың еңбегі ерен. Олар қашанда сый құрметке лайықты. Марапат иелері қаланың жоғары дәрежеге жетуіне мол септігін тигізді.



«БҰРҒЫШЫЛАР» АЛЛЕЯСЫНДА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Шаһардың көркі – қала келбеті. Қаланың әсем болуына әрбір тұрғын үлес қосқаны абзал. «Бұрғылау» мекемесі Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерейтойына арнап «Бұрғышылар» аллеясында жөндеу жұмыстарын жүргізді. Қызметкерлер демалыс саябағында әктеу, сырлау жұмыстарын жасап, қаланың көркеюіне ат салысты. Орындықтар боялып, аллеяның кем-кетік жерлері жөнделді. Аталған демалыс орнында жергілікті тұрғындар серуендейтін болса, қалаға келген қонақтар да саябақты тамашалайды. Бұл нысан барша мұнайшылардың құрметіне қойылған белгі. Қара алтын игерушілердің символы десе де болады. Серіктестік мұнайлы мекеннің келбетін ашуда әрдайым осындай белсенді жұмыстар атқарып келеді.



МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ СЫЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ ӨТКІЗІЛДІ

Мұнайшылар мерекесіне орай, «Бұрғылау» ЖШС жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі қызметкерлер арасында ұтыс ойынын ұйымдастырды. Мақсат – қызметкерлерді қосымша ынталандыру, олардың ауызбіршілігін нығайту. Сонымен қатар, компанияның жағымды имиджін қалыптастыру. Ұтыс ойынында күнделікті тұрмысқа қажетті техникалар – мысалы, қысқа толқынды пештер, электр самаурын, тігін машинасы, бу үтігі, салқындатқыш секілді түрлі сыйлықтар берілді. Ең басты сыйлықтар қатарында – Түркия еліне екі адамдық жолдама болды. Шара өз дәрежесінде өтті. Қызметкерлердің сөзінше, осындай ойындардың өткізілуі – ұжымға серпіліс беріп, жұмысқа жақсы көңіл-күймен кірісуге себепші болады.



КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ



Қазақстан Республикасының автокөлік қызметкерлері күні кәсіпорында да атап өтілді. Басшылық серіктестікке қарасты Шегендеу цехы қызметкерлерін мерекемен құттықтап, алғыс хатпен, ақшалай сыйақымен марапаттады.

Транспорттық инфрақұрылымды дамытпай, өнеркәсіп өсіміне қол жетпестігілі адамдардың күнделікті қарапайым тіршілігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан

Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру бағытында бұл салада бірқатар ауқымды шаралар жүзеге асырылды. Өндірістік құрылымда автокөлік транспортының атқарар міндеті зор. Инженер-техник қызметкерлері, қарапайым жүргізушілер мен дәнекерлеушілер күн мен түнді ұластырып, ауа райының қиын жағдайына қарамастан өздеріне жүктелген міндетті абыроймен алып келеді. Еңбекке деген құлшыныстың арқасында мекемедегі транспорттық техникалар тұрақты әрі тоқтаусыз жұмыс істеп, тасымалдау қызметін ойдағыдай атқаруда. Сол үшін де көлік жүргізу саласының барлық қызметкерлеріне қажырлы еңбектері мен өз мамандықтарына адалдықтары үшін алғыстар айтылды.

ҚҰРБАН АЙТ

«Бұрғылау» ЖШС жұмысшылары жергілікті кәсіподағының ұйымдастыруымен Құрбан айт мерекесі атап өтілді. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағынан жаңғыруымен бірге, рухани және мәдени өреміз де көтеріліп келеді. Елбасының ұлттық мерекелердің мәртебесін көтеру бастамасының арқасында Құрбан айт мемлекеттік деңгейде тойланатын болды. Кәсіпорын қызметкерлері де мерекені ұлықтап, киіз үйлер көтерді. Мал сойылып, қазан асылды. Жұмысшылар ақ дастархан басында жиналып, жылы лебіздерімен бөлісті.



«ҚЫС – 2018»

ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ



Бұрғылау» мекемесінің қатысуымен «Қыс - 2018» Республикалық командалық штабтық оқу-жаттығу өтті. Шара барысында қаладағы барлық кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелердің, өндіріс орындарының қысқы маусымға дайындығы тексерілді. Қала әкімінің орынбасары Исахан Сағынбаев пен Жаңаөзен қалалық Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы сапта тұрған барлық мекемелерді жеке-жеке аралап, тексеріп шықты. Аталған жиын «Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, хабардар ету ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтарындағы №50 қаулысына сәйкес, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алудың және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру, жетілдіру, сондай-ақ, басқару органдар күштері мен құралдарын даярлау мақсатында өткізілді. Шарада кәсіпорындардың қысқы кезең жағдайында төтенше жайттардың салдарын жою бағытындағы дайындығы мен әрекет күші бақыланды.

Оқу-жаттығуда «Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері төтенше жайғдайлар туындаған кезде қолданатын техникалары мен құрал-саймандарын көрсетті. Бұл жабдықтар оқыс оқиғалар кезінде халықты қорғау үшін пайдаланылмақ. Серіктестіктің Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар инженері Төлеген Досниязовтың айтуынша, шараға 15 маман ат салысты. «Бүгінгі жаттығуға әр түрлі өрт сөндіргіш құралдарымызды, өрт кезінде киетін арнайы киімдер мен бетперделерді әкеліп отырмыз. Сонымен қатар, ғимарат қызыл жалынға оранғанда адамдарды жоғары қабаттардан түсіріп, құтқарып алатын құралдардың сан түрін алып келдік. Алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмекке толы қобдишамыз да бар», - деді ол. Ал транспорттық техникаларға келер болсақ, 2 су таситын, су тартып шығара-

тын агрегат, қос жүк түсіргіш, 2 автобус және 1 ХОН мен УАЗ автокөлігі көпшілік назарына ұсынылды.

Республикалық командалық оқу-жаттығуға «ӨзенМұнайГаз» АҚ-ның 16 басқармасы, «Бұрғылау» ЖШС, «КенҚұрылысСервис» ЖШС, КМЖ ЭП Кәтеринг ЖШС мен қаладағы барлық коммуналдық мекемелер, жедел жәрдем, ПБ-сы қатысты. Нақтырақ айтсақ, барлығы 73 әр түрлі техника мен 155 қызметкер жұмылдырылды.

Комиссия мүшелері дайындық шарасына қатысқан 20-ға жуық мекеменің жанына жеке-жеке барып, дайындықтарын өз көздерімен көрді. Қандайда бір төтенше жағдай орын алғанда, техника саны, құрал-жабдықтар, қызметкерлер барынша жеткілікті екенін қадағалады. Қыс мезгілінде су алу қаупі бар көшелерді судан арылтып, тазалық жұмыстарын жүргізуді әр мекемеге жүктеді. Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Исахан Сағынбаев: «Барлығының дайындығы тексерілді. Сондай-ақ, мекемелер қалаға қарасты елді мекендерге бөлінді. Кәсіпорындар ауылдардың тазалық жұмыстарына ат салысып, су алу қаупі бар жерлерге топырақ төгу секілді жұмыстарды жасайтын болады. Рахат елді мекеніне «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, Қызылсай ауылына «Бұрғылау» ЖШС, ал Теңгеге «КенҚұрылысСервис» ЖШС бөлінді. Барлығы сақадай сай дайын. Тексеру өз дәрежесінде өтті», - деп дайындыққа оң бағасын берді. Комиссия құрамы командалық жаттығуға өте жақсы деген баға берді. Айта кетейік, мұндай штабтық оқу-жаттығу дәстүрлі түрде әр маусымда жоспарлы өтіп тұрады.



ҚАЙЫРЫМДЫ ІС



Мақсат Омаров бригадасы мекемедегі озат ұжымдардың бірі. Олар мұнайшылар күні қарсаңында «Үздік ұңғымаларды игеру бригадасы» дипломына ие болды. Мұндай дәрежені иеленуі бекер емес. Себебі, бригада негізгі қызметімен қоса қайырымдылық көмек ретінде бірнеше жұмыстар атқарған. Мысалы 2015 жылы Бекет-Атаның басына 2 құдық қазып берген. Бірі – 180 метр болса, екіншісі – 470 метр тереңдікте қазылды дейді мамандар. Қазір ондағы жұртшылық осы құдықтардан малға су алып, талдарды суарып, көп пайдасын көріп отыр екен. Бұдан бөлек бригада қызметкерлері 2016 жылы жергілікті Әбіш Қожа мешіті күмбезінің астына тіреуіш қазып берген. Оның ұзындығы 30 метр шамасында.



2017 жылы мамандар Қызылсай ауылына да қос бірдей құдық қазып берді. Бірінің тереңдігі – 35 метр болса, екіншісі – 70 метрді құрайды. Жұмыстарға К-80 техникасы қолданылған. Бұл істер елді мекеннің мал шаруашылығының дамуына мол септігін тигізіп отыр. Мұнайлы мекеннің қара шаңырағы атанып кеткен ауылда тұрғындардың көпшілігі шаруа қожалықтарын ұстайтыны белгілі. Олар бірнеше жылдан бері су тапшылығын сезініп, күрделі мәселеге душар болған. Сондықтан «Бұрғылау» мекемесі дер кезінде көмегін беріп, ауылдың оңтүстік бағытына қарай 2 км қашықтықта және 5 км шамасында 2 құдықтың көзін ашып берді. Қазір елді мекеннің төрт түлігі ауылға кірмей, шетінен суарылып, қайта егістікке жіберілуде. Бұл тұрғындарға да, қожалық иелеріне де көп пайдасын беруде.



Бригада құрамында 26 маман еңбек етеді. Қондырғы бастығы – Мақсат Омаров. Қызметкерлер қайырымды іске қолдау білдірген басшыларға алғыс білдірді. Аталған игі бастаманың сәтті жүзеге асуына «Бұрғылау» серіктестігі ұжым болып ат салысқанына қуаныштымыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бірлікте атқарылған жұмысымыз өз нәтижесін берді», - деді Мақсат Омаров.




АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН С ЕРІКТЕСТІКТІҢ ВЕБ-САЙТЫ, ФЕЙСБУК, ИНСТАГРАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРІНДЕ ПАРАҚШАЛАР АШЫЛДЫ




2013-2018 ЖЫЛДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒЫНДАР (МЫҢ ТҒ.)

Жыл	Әлеум.-мәдени шаралар	Мед. сақтандыру, емделу	Балаларға жаңа жылдық сыйлық	Балалардың сауықтыру лагеріне жолдама	Жұмысшыларға мат.көмек ФОТ есептемегенде	Еңбек демалысына мат.көмек	Зейнеткерлерге қосымша төлем	Демеушілік көмек, кәсіподақ	Тамақтану	Транспорт (автобус)	Барлығы
2013	119 378	81 481	14 981	158 539	326 370	255 206	11 551		464 120	211 738	1 643 364
2014	131 541	89 373	18 286	191 112	398 235	300 607	18 638		474 340	298 738	1 911 880
2015	165 662	93 232	19 627	186 265	422 349	323 537	19 930	4 030	531 865	291 354	2 057 887
2016	148 912	102 511	21 926	110 487	455 653	434 455	19 403		606 515	209 710	2 018 572
2017	256 979	174 709	22 081	182 737	504 390	361 131	36 250	20 000	628 193	250 801	2 437 271
2018	202 897	169 929	22 383	128 696	540 880	380 703	32 324	24 461	695 421	274 021	2 471 715


2013-2018 ЖЫЛДАРҒА
ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРҒА
МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК (мың тг.)




МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ,
ЕМДЕЛУ (мың тг.)




ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ
ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР (мың тг.)




БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ЖОЛДАМАЛАР (мың тг.)




ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ (мың тг.)




ТРАНСПОРТ (АВТОБУС) (мың тг.)



ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕКТЕР, КӘСІПОДАҚ (мың тг.)




КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНА ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАР (мың тг.)




ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ, МЕРЕКЕЛІК СЫЙАҚЫ (мың тг.)

Жыл	ФОТ ж/е аударымдар, барлығы	Мерекелік сыйақы 8 наурыз, Наурыз мейрамы	Мерекелік сыйақы, мұнайшылар күні	Мерекелік сыйақы, Тәуелсіздік күні
2013	11 384 818,60	142 785	134 518	135 208
2014	13 244 446,40	184 760	174 124	176 913
2015	14 532 953,50	203 619	187 267	186 276
2016	13 667 847,10	215 798	196 482	199 868
2017	19 238 094,90	230 211	211 086	209 959
2018	20 170 738,58	269 392	250 259	254 293


ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)




МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)



ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ФОНДЫ, БАРЛЫҒЫ (мың тг.)



8 НАУРЫЗ ЖӘНЕ НАУРЫЗ МЕРЕКЕЛЕРІНЕ ОРАЙ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ (мың тг.)



БІЛІКТІ БАСШЫ, ЕҢБЕКҚОР МҰНАЙШЫ



Жаңаөзен қаласы мұнайшылардың барлау жүргізуінің нәтижесінде поселке болып, кейін үлкен шаһарға айналды. Жарты ғасырлық тарихы бар өлкенің дамуына үлес қосып жүрген мамандар қатарының көптігі қуантарлық жағдай. «Бұрғылау» ЖШС-ның АИТҚ-2 бастығы Жарылғап Молбаев та қызметін үлкен жауапкершілікпен атқаруда.

Жарылғап Молбаев 1971 жылы Түркменстан Республикасында дүниеге келген. Әкесі Амангелді Молбаев қарашаңырақ Қызылсай

елді мекенінде 1961-1964 жылдары еңбек еткен алғашқы мұнайшылардың бірі. Кейін Түркменстанға қоныс аударып, ол жақта да өндірістен қол үзбей, осы салада біраз жыл қызмет еткен. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, Жарылғап Амангелдіұлының да болашақта бұрғышы мамандығын таңдауына әкесі әсер еткен болар. 1986 жылы Небит-Даг қалалық №11 орта мектебін бітірген ол, мұнай техникумына оқуға түседі. 1990 жылы оқу орнын тәмамдап, «мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығын алып шыққан. Мұнымен тоқтап қалмай, білімін одан әрі шыңдау мақсатында Түркмен политехникалық институтына құжат тапсырады. Алайда, сол жылы әскерге шақыртылып, оқуын жалғастыра алмаған. Тәжікстанда 2 жыл әскери борышын өтеп, сержант лауазымын алып шықты.



Мұнайшы 1992 жылы «Небит-Даг бұрғылау жұмыстары басқармасына» 5-дәрежелі бұрғышы көмекшісі болып орналасып, жұмысқа қызу кірісіп кетеді. Мұнда он жылға жуық уақыт қызмет атқарған соң, 2003 жылы Қазақстанға көшіп келген. Отаныма оралған соң, «Бұрғылау» мекемесіне 4-дәрежелі бұрғышы көмекшісі болып жұмысқа тұрдым. 2006 жылы АИТҚ-1-ге ауысым бастығы болдым. Келесі жылы осы ұжым бастығының орынбасары қызметін атқардым. Әрине, мұндай дәрежеге көтерілуіме өзімнің бірнеше жыл бойы жинаған тәжірибем мол септігін тигізді. Жиған-терген білімім осылайша нәтижесін берді, - дейді мұнайшы. Білікті маман 2015 жылы АИТҚ-2 бастығы болып сайланды. Басшы қарамағында бригаданың санына қарай 150-ден 300-ге дейін қызметкер болады. Талапшы басқарушы ұжымнан тек қана сапалы жұмысты, үлкен жауапкершілікті талап ететінін айтты.



Жарылғап Амангелдіұлы жұбайы Ақшагүл Тілеуовамен 2001 жылы отасқан. Қазір 2 ұл, 2 қызды өсіріп отыр. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дегендей, орталарында асыл аналары Оңайхан Молбаева ақ самайлы әже болып, немерелерін қызықтауда. Әке жолын қуған ұлына ризашылығы шексіз. Өйткені, ол үмітін ақтап, абыройын асқатата білді.

Мұнай саласының жілігін шағып, майын ішкен кәсіби маманның жетістіктері баршылық. Ол мұнайдың 50 жылдығына орай арнайы төсбелгімен марапатталған. Еңбекқорлығының тағы бір дәлелі – 2013 жылы «Үздік маман» атануы. Ал, 2014 жылы есімі кәсіпорынның Құрмет тақтасына енгізілген екен. Бұдан бөлек, сан рет алғыс хаттар мен дипломдарға ие болған. «Биыл қаламызға 50 жыл толып жатыр. Мұнайлы өлкеміз көркейе берсін. Қара алтынымыз таусылмасын, көп болсын! Біздер – мұнайшылар қауымы қаламыздың өркендеуі жолында ерінбей еңбектене беретін боламыз. Алда жетер жетістіктеріміз көп деп есептеймін», - деп ыстық лебізін білдірді.



Жарылғап Молбаев отбасымен

МАҚСАТЫ – АЙҚЫН, ҚАДАМЫ – НЫҚ АЗАМАТ

Жер жақұтына айналған Жаңаөзеннің байлығын игеру жолында орасан жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл бағытта өндіріс саласын айнымас серігі еткен мұнайшылар аянбай тер төгуде. Солардың бірегейі «Бұрғылау» ЖШС, игеру цехының шебері – Арман Оразов.



Арман Оразов 1974 жылы Түркменстан Республикасы, Балқан облысы, Небит-Даг қаласында дүниеге келген. Әкесі өмірден ерте өткенімен, асыл анасы оның орнын жоқтатпаған. Ол көп жылдар бойы инженер болып еңбек етіп, балаларын бағып-қағып, ер жеткізген екен. Болашақ мұнайшының балалық шағы №12 орта мектеппен тығыз байланысып, сонда білім алды. Оны жақсы бағамен тәмамдады. Арман Ителпенұлы жастайынан спортқа етене жақын болған. Спорт мектебінің белсенді қатысушысы болып, оны әрдайым оқумен қатар алып жүрді. Ол 1989 жылы оқу ордасын бітірген соң, тарихи Отанына оралып, Ақтау қаласына қоныс аударған екен. Осында кәсіптік білім беретін СПТУ-4 училищесіне түседі. 1991 жылы әскер қатарына алынып, ел алдындағы борышын өтеген.

Мұнай саласының маманы Жаңаөзенге 1994 жылы көшіп келіпті. Сол жылы отбасын құрып, қазыналы өлкеде тамыр жая бастады. Бір жылдан соң «Бұрғылау» мекемесіне орналасқан. Ол кезде кәсіпорын «Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы» болатын. Еңбек жолын бұрғышы көмекшісінен бастаған маман 2005 жылы бұрғышы болса, 2013 жылдан бері шебер болып қызмет атқарып келеді. Қазір «К-7» бригадасында игеру цехының шебері. «Ұжымда 20-дан астам қызметкер өз жұмыстарын адал атқаруда. Біздің алға қойған негізгі мақсатымыз - елге сапалы қызмет етіп, берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау. Мұнайлы қаланың басты байлығын игеріп, мемлекет экономикасының дамуына үлес қосу – міндетіміз. Сол себепті өз кәсібімізге үлкен жауапкершілікпен қараймыз. «К-7»



бригадасы ауызбіршілігі мықты, жұмысты өнімді де нәтижелі жасап жүрген ұжым»,- дейді Арман Оразов. Мұнайшы 2010-2014 жылдары Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ды сырттай оқып, білімін жетілдіре түсті.

Отбасына келер болсақ, Арман Ителпенұлы жан жары Гүлшара Тоқсановамен бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Ұлкен ұлы Райымбек Оразов әке жолын қуып, мұнай-газ саласы бойынша білім алды. Мамандығы – геолог. Ол да болашақта өндірісте қызмет жасауды мақсат етуде. Екінші ұлы Рауан Оразов - А.Жұбанов атындағы университеттің 2-курс студенті. Қазір прокурор мамандығына оқып жатыр. Ал, кенжесі Айымгүл 3-сыныпта оқиды.

Арман Оразов салауатты өмір салтын ұстанады. «Шынықсаң – шымыр боларсың» дегендей, әрдайым спортпен шұғылдануды құптайды. Өйткені, жемісті жұмыс атқару үшін денсаулықтың мықты болуы маңызды. Мұнайшы футболмен айналысқанды ұнатады екен. Ол бірнеше жыл бойы «Бұрғылау» құрама командасында өнер көрсеткен. Бұл салада жеткен жетістіктері де аз емес. Соның бірі – шағын футболдан өткізілген ашық турнирде 1-орынды жеңіп, қала әкімінің кубогіна ие болуы. Онымен қоса, жеңіл атлетика бойынша өткен жарыстардың жүлдегері атанған. Кәсіби маман спорттық сайыстардан бөлек, өзге де шараларға белсене қатысады. «Брейн ринг» зияткерлік ойындарында зеректігі мен тапқырлығының арқасында «Үздік ойыншы» аталымын жеңіп алды. Бұрғышы өмірінің ажырамас бөлігіне айналған өндіріс саласында да биіктен көрініп жүр. Қара алтынды игеру жолында төккен маңдай тері еленіп, бірнеше алғыс хаттар мен төсбелгілерге ие болды.



Арман Оразов отбасымен





«НҰР-ӘЛЕМ» ДЕМЕУШІЛІК КӨРСЕТІЛДІ



Жаңаөзендік спортшылар паралимпиадалық ойындардан 2-ші Қазақстан чемпионатында жүлделі орындарға ие болды. Еліміздің Шығыс өңірінде өткен жарыста қатысушылар ат спорты түрінен сынға түсті. Республикалық деңгейдегі додаға 5 облыс бойынша 30-дан астам адам қатысты. Жергілікті «Нұр-Әлем» ат спорт клубы жастарының аталған чемпионатқа қатысуларына «Бұрғылау» ЖШС демеушілік көрсетті.

Маңғаз Маңғыстаудың намысын қорғаған жастар ат спорты сайысында 2-ші, 3-ші және 4-ші орындарды қанжығалады. Жарысқа тыңғылықты дайындалып барған олар өзге қатысушылар арасында оқ бойы озық тұрды. Жаңа әсерге бөленіп, мол тәжірибе жинаған спортшылар қолдау білдірген жандарға алғыстарын айтты. Соның бірі – Талғат Жолдасбаев. Ол спорттық сайыста IV орынды қанжығалаған. Бапкерлерінің айтуынша, бұл әзірге жаман көрсеткіш емес. Жарыстарға қатысу арқылы шеберлігін шыңдаса, алда одан да жоғары нәтиже көрсетері анық дейді олар. «Осы клубқа келіп қатысу бізге қаты ұнайды. Денсаулығымызға пайдасын

көріп жатырмыз. Спорттың арқасында жарыстарға қатысып, оң нәтижеге қол жеткізіп қуанып жүрміз. Бізге барлығын үйреткен жаттықтырушыларымызға үлкен алғыс айтқым келеді», - дейді Талғат Жолдасбаев.

Биыл тұсауы кесілген «Нұр әлем» ат спорт клубында қазір 20-ға жуық қатысушы бар. Мұнда әрбір адамның қабілет-қауқарына байланысты жеке жұмыс жасалады. Бапкер Самат Аманклышовтың айтуынша, Өскеменде өткен паралимпиадалық ойындарға дайындалуға жарты жылдай уақыт кеткен. Жаттығуға жұмсалған уақыт пен күш өз нәтижесін беріп, үмітіміз ақталды дейді ол. «Осы жарысқа 6 айдай дайындалдық. Спортшыларымыз біз ойлағаннан да жоғары нәтиже көрсетті. Өте ризамыз. Үмітіміз ақталды десем артық айтқаным болмас. Алда бұдан да үлкен додаларға қатысу жоспарымызда бар. Сайысқа қатысуға бізге қолдау білдірген «Бұрғылау» кәсіпорнының басшылығына және қала әкімдігіне рахмет айтамыз. Қашанда осындай қолдаушы жандар жанымыздан табылып, демеу болып жүрсе біздің де мерейіміз үстем болмақ», - деді жаттықтырушы.

Спортшылардың талабы мен талантына көз жеткізген клуб жетекшілері алда үлкен деңгейдегі жарыстарға ат салыспақшы. Олар желтоқсан айында өтетін әлем чемпионатына қатысуды жоспарлап отыр. Жарыс Ресейде ұйымдастырылады. Ең бастысы – жүйелі түрде жаттығу дейді мамандар. Спортшылар мақсатқа жету үшін аянып қалмақ емес. Күнделікті жаттығуды үзбей, түрлі әдіс-тәсілдерді меңгермекші.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАЛАРЫ ӨТТІ

«Бұрғылау» ЖШС-нің Бас әкімшілік ғимараты жанында 2018 жылға бекітілген жоспар бойынша оқу-жаттығу ұйымдастырылды. «Назар аударыңыз, бәріне!» дабылы бойынша эвакуациялау іс-қимылына жаттығулар жүргізілді. Ерікт өрт сөндіру құрамаларының қатысуымен өрт сөндіру оқу-жаттығуы іске асырылды. Сондай-ақ, байланыс, энергия, газ, су және транспорттық коммуникациялар жағдайлары тексерілді. Шараға қажетті арнайы техникалар уақытында келісім-шартқа отырған «Қуаныш K.com» ЖШС мекемесімен және кәсіпорынның шегендеу цехынан сұраныс арқылы алынды. Оқу-жаттығуға қатысқан қызметкерлердің ойынша, мұндай шаралардың жиі болып тұрғаны абзал. Өйткені, сақтықта қорлық жоқ. Әрдайым кез келген жағдайға дайын болған жөн дейді мамандар. Қатысушылар өрт қауіпсіздігін сақтайтын ережелерді мұқият санаға құйып, қызыл жалыннан қорғанудың жолдарын үйренді. Бұнымен қоса, тілсіз жауды бағындырудың тәсілдерін іс жүзінде көрді.



МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Республикамыздың «қара алтын» атанған мұнайы – ел экономикасының дамуына үлкен ықпал етіп отырған байлығы.

Қазақ елі әлем бойынша тез қарқынмен дамушы мемлекеттердің қатарынан саналады. «Бұрғылау» ЖШС-ның АИТҚ-1 бастығы Бикелді Меңдібаев та елдің алға өрлеуі жолында еңбектеніп жүрген тұлғалардың бірі.

Бикелді Меңдібаев 1977 жылы Түркменстан Республикасы, Жебел поселкесінде туылған. Әкесі Дүйсенбі Меңдібаев бас инженер-механик қызметін абыроймен атқарса, анасы Нұрбала Меңдібаева құс фабрикасының кадр бөлімінде еңбек еткен. Жас Бикелді 8 жылдық орта мектепті мақтау қағазымен үздік бітірді. 1993 жылы Жаңаөзен қалалық мұнай-газ техникумына емтихансыз оқуға түсіп, білім ордасын қызыл дипломмен тәмамдаған. Мамандығы – мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау. Мұнайшының екінші мамандығы да бар. Оны Атырау институтында экономист саласы бойынша оқыған екен. Бикелді Дүйсенбіұлы еңбек жолын 1997 жылы бұрғылау басқармасына жұмысқа орналасудан бастаған. Қызмет бабында бірнеше лауазымдарды абыроймен атқарды. 2000-2007 жылдар аралығында УБКРС мекемесінде шебер, одан соң қон-




дырғы бастығы болған. Бұрғылау менеджері болып та көрді. Артынша, «Бұрғылау» ЖШС-ға қайта келіп, ауысым бастығына дейін көтерілген. 2012 жылы АИТҚ-1 цех бастығы болып тағайындалды. Жұмысына беріле қызмет ететін басшы тынымсыз еңбек пен нақты қадамдардың арқасында елеулі белестерді бағындырды. «Қарамағымда 170-180 шамасында қызметкер бар. Барлығына талап бірдей: жұмысқа ұқыпты қарап, әркім өз ісін тиянақты орындауы тиіс. Ұжымдағы мұнайшылардың басым көпшілігі тәжірибелі мамандар десем қателеспеймін. Сондықтан олар өндірістің қыр-сырын жетік меңгерген. Тапсырмаларымды дер кезінде орындап, бар күш-жігерлерін еңбек жолында сарп етуде», - дейді басшы.

Бикелді Меңдібаев жан жары Дина Қанатбайқызымен 2000 жылы отау құрған. Жұбайлар 1 қыз, 3 ұл сүйіп отыр. Орталарында ата-аналарын әлпештеп аялап отыр. Дина апай - қалалық №20 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Тұңғыштары Айтолқын Меңдібаева Абай атындағы қыздар педагогикалық университетінде мемлекет грантымен оқып жатыр. Анасы секілді ұстаз болуды мақсат тұтқан көрінеді. Ал ұлдары болса мектеп оқушылары.

Ұжымды басқара білген білімді басшы талай марапаттарды иеленген. 2005 жылы Энергетика Министрлігінің құптауымен «Үздік маман» атанды. Сонымен қатар, Жаңаөзен қаласының 40 жылдық, 45 жылдық мерейтойларына орай төсбелгілер тағынып, алғыс хаттарға ие болған.



КӘСІБІН ШЕБЕР МЕҢГЕРГЕН МАМАН



Мұнай – еліміздің басты шикізат байлығы, оның болашақ гүлденуінің негізі. Осы салада күн-түн демей тер төгіп жатқан азаматтар қаншама? «Бұрғылау» кәсіпорнындағы Қосжанов бригадасының жөндеушісі Атамұрат Көшекбаев сол жандардың қатарында. Ол әріптестерімен өндірістің дамуына бір кісідей ат салысып жүр.

Атамұрат Көшекбаев – 1963 жылы Түркменстан Республикасы, Балқан облысы, Небит-Даг қаласында туылған. Әкесі Жолдыбай Көшекбаев теміржолшы, ал анасы Хансұлу Көшекбаева нан зауытында наубайханашы болып қызмет еткен екен. 6 қызы мен 4 ұлы бар үлкен отбасының тумасы Атамұрат Жолдыбайұлы бала күнінен жақсы мамандық иесі болуды армандаған. Мәди Бегенов атындағы №5 орта мектепті бітірген соң, 1979 жылы кәсіптік орта білім беретін СПТУ-2 училищесіне оқуға түскен. Оқу орнынан 1983 жылы «КИ-

Павтоматика» мамандығын алып шығады. Осы жылы әскер қатарына шақыртылып, Отан алдындағы борышын Балтық теңізі жағалауындағы Литва елінде өтейді. 1985 жылы аман-есен еліне оралады.

Мұнайшының өндірістегі өмірі 1998 жылы Жаңаөзенге қоныс аударғаннан кейін басталған екен. 2001 жылы «Бұрғылау» мекемесіне 5-дәрежелі жөндеуші болып жұмысқа орналасқан. Қазір Қосжанов бригадасында бұрғылау жұмыстарының жөндеушісі қызметінде. Бригада төрт ауысыммен жасайды. Барлығы 40-қа жуық мұнайшы осында талмай еңбектеніп жатыр. «Жұмысқа барғанда алдымен қондырғыларды тексеріп шығамын. Қандайда бір кем-кетік-

Атамұрат Көшекбаев отбасымен

тері болса, сол жерлерін жөндейміз немесе ауыстырамыз. Май құю, дәнекерлеу жұмыстарымен айналысамыз. Әрбір ісіме үлкен жауапкершілікпен қараймын. Өйткені, менің сапалы атқарған жұмысым мекеме нәтижесіне әсер етеді деп ойлаймын», - дейді маман.

Атамұрат Көшекбаевтың қызметте оң көрсеткіштерге қол жеткізуіне асыл жары Бақтыгүл Ығылованың да септігі бар. 2004 жылы отбасын құрған олар бүгінде ұлдары Нұрсұлтан Жолдыбайды тәрбиелеп, өсіріп отыр. Бақтыгүл апай қалалық №16 «Ертегі» балабақшасында әдіскер қызметінде. Ал, Нұрсұлтан – мектеп оқушысы. Ата-анасының үкілі үмітін арқалаған жас өрен келешекте олардың сенімін ақтауды басты міндеті санайды. «Әкем секілді еліме адал қызмет етіп, өз таңдаған кәсібімнің шебер маманы болуды армандаймын. Себебі, қандай салада еңбек етсең де, ең негізгісі – ісінді жетік меңгеру. Сонда ғана оның жемісін көресің деп ойлаймын», - дейді ол.

Атамұрат Жолдыбайұлы өндіріске бет бұрғанына ешқашан өкінген емес. Оның пікірінше, мұнай-газ саласы мемлекет экономикасының тірегі болып саналады. «Болашаққа жоспарым көп. Сүйікті кәсібіме беріле қызмет қылып, қиындығы мен қызығы қатар жүретін өндірісте биік белестерді бағындырғым келеді», - деді абзал азамат. Біз де мұнайшыға сәттілік тілейміз!

БАЛА КӨЗҚАРАСЫ

Ата-ана мен балалар арасында тығыз байланыс бары белгілі. Анасы қызына үлгі болса, ер бала үшін әкесінің әрбір іс-әрекеті үлкен әсер беретіні айғақ. Себебі, отбасында әкенің орны бөлек. Әке – сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, асырап-бағуға да, тәлім-тәрбие беруге де міндетті адам. Әке – бала үшін асқар тау. Сондықтан әкені сыйлау, оған үлкен құрметпен, ілтипатпен қарау перзентінің парызы болмақ. Осыны ескерген «Бұрғылау» мекемесі қызметкерлердің жұмыс орнын балаларына таныстырып, экскурсия ұйымдастырды. Шара аясында кішкентайлар өндірістік нысандарды аралады. Әкелерінің күнделікті қызметін өз көздерімен көріп, отбасы үшін барлық қиындықтарды еңсеріп жүргендерін білді.

Балғын қонақтарға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізіліп, мекеме аумағындағы тәртіп ережелері баяндалды. Экскурсия қатысушылары цехтар мен қондырғыларды көруге зор мүмкіндік алды. Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай шара балаларға нанның үлкен еңбекпен келетінін ұғындырады. Сонымен қатар, болашақ мамандықтарын таңдауға да септігін тигізуі әбден мүмкін. Балаларға өндіріс орнына барған қатты ұнады. Тіпті, бір сәтке өздерін мұнайшы сезінгендері де бар. «Маған әкемнің жұмыс орнын көрген өте ұнады. Бүгінгі уақытымды тиімді әрі қызықты өткіздім. Мен де өскенде әкем секілді мұнайшы болғым келеді. Отаныма қызмет етіп, ата-анамды қуантамын, - дейді шараға қатысқан Нұртас Орынбасар. Ал өндіріс аумағында қызу еңбекке кіріскен мұнайшы Асылбек Машанов: «Бала-





ларға арнап ұйымдастырылған шараның маңыздылығы жоғары деп есептеймін. Себебі, күнде дастархан басында жұмыс туралы әңгіме айтылғанымен, оны көзбен көру бір басқа. Мұндай басқосу балдырғандардың ой-өрісін дамытып, өндіріс саласын ұғынуларына көп көмегін тигізеді деп ойлаймын, - деп өз ойын білдірді.

Бүлдіршіндер еріншектікке салынбай, жұмыс жасаудың маңыздылығын ерте түсінгені абзал. Сонда ғана көп нәрсенің қадірін біліп, өмірден өз орнын оңай таба алады деген ойдамыз.



БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

«Бұрғылау» ЖШС Жаңаөзен қалалық балалар ауруханасына қол ұшын беріп, барит жабындысымен қамтамасыз етті. Барит жабындысы жаңа рентген кабинеттерінің төбесін, қабырғалары мен еденін өңдеу үшін қажет. Дәрігерлердің өтінішін назардан тыс қалдырмаған дер кезінде көмек көрсетті.

Барит химиялық қоспасы өндірісте бұрғылау ерітіндісінің салмағын ауырлату мақсатында қолданылады. Ал, медицинада барит жабындысы рентген сәулелерін келесі бөлмеге өткізбей, қауіпсіздікті сақтау үшін пайдаланылады. Қалалық балалар ауруханасы қазіргі таңда қызмет сапасын арттыру үшін жоғары технологиялы құрылғыларды енгізіп жатыр. Соның бірі – цифрлы кескін шығаратын рентген жүйесі. Бүгінде 2 кабинетте жөндеу-дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Олар барит жабындысымен көмкеріліп, өңделетін болады. Аталған ауруханаға 1 тоннасы 40 мың теңге көлеміндегі 3 тонна барит берілді.

Аурухананың реаниматолог дәрігері Ренат Досаев: - Бізге көмек беріп жатқан «Бұрғылау» мекемесіне алғысымыз шексіз. Өйткені, бұл жабынды рентген сәулесі жан-жаққа шашырамай, адам денсаулығына зардап келмеу үшін өте маңызды болып табылады. Оны басқа өңірлерден алдыртуға





біршама уақыт кететін болғасын, кәсіпорынға сұраныс жіберген болатынбыз. Өтінішімізді орындағандарына рахмет айтамыз, - деп ризалығын білдірді. Денсаулық саласы маманының сөзінше, барит жабындысымен өңделген бөлмелерге уақыт өте келе арнайы мамандармен тексеру жүргізіледі. Оның қалыңдығы әрдайым бақылауда болады екен.

Балалар ауруханасының шаруашылық меңгерушісі Гүлнар Шадиманова: - Бұл тек біздің ауруханаға емес, қаладағы жас ұрпақтың денсаулығына қосқан үлкен үлес деп есептейміз. Себебі, бұрын балаларды рентгенге түсіру үшін Рахат-2 ауылындағы мекемеге жіберетінбіз. Енді емделушілерді әрі-бері жүргізбей, өз кеңсемізде қабылдайтын боламыз. Осы орайда мекеме басшысы Бақытжан Қожанепесовке және құрылыс бөлімінің маманы Ернар Сержанұлына алғыс айтқым келеді. «Бұрғылау» мекемесі гүлденіп, биіктерден көріне берсін! Азаматтардың еңбегіне табыс тілейміз! – деп өз ойын жеткізді.

«Жаңаөзен қалалық балалар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 95 орынға арналған. Оның ішінде реанимация, балалар бөлімі, жұқпалы аурулар және күндізгі стационар бөлімдері бар. 100-ден астам маманның 13-і жоғары санатты дәрігерлер болып табылады.

2018 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНДА БЕРІЛГЕН ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ МГӨБ-КЕ БӨЛІНУ КЕСТЕСІ

№	МГӨБ-1	МГӨБ-2	МГӨБ-3	МГӨБ-4	Ескертпе
1	9687	9675	9678	6596	
2	7352	9697	9618	5082	
3	9888	9677	9619	6663	
4	7358	9700	9894	6662	
5	9633			873	
Барлығы	5	4	4	5	18

ҰҢҒЫМАЛАРДЫ БЕРУДІҢ АЙЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Айы	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ескертпе
1	Қаңтар	8	4	-4	
2	Ақпан	14	14	0	
3	Наурыз	17	21	4	
4	Сәуір	17	16	-1	
5	Мамыр	17	21	4	
6	Маусым	16	18	2	
7	Шілде	16	16	0	
8	Тамыз	16	18	2	
Барлығы		121	128	7	

БҰРҒЫЛАНҒАН ӨТКЕЛ ҰЗЫНДЫҚТАРЫНЫҢ АЙЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Айы	Жоспар	Факт		Ескертпе
1	Қаңтар	11128	16550	5422	
2	Ақпан	19472	25175	5703	
3	Наурыз	23645	26335	2690	
4	Сәуір	24300	29245	4945	
5	Мамыр	24300	28215	3915	
6	Маусым	22050	26190	4140	
7	Шілде	23560	22790	-770	
8	Тамыз	22830	23330	500	
Барлығы		171285	197830	26545	

2018 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНДАҒЫ МГӨБ БОЙЫНША БҰРҒЫЛАНҒАН ӨТКЕЛДЕРДІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ

МГӨБ-1		МГӨБ-2		МГӨБ-3		МГӨБ-4	
Ұңғыма №	Метр	Ұңғыма №	Метр	Ұңғыма №	Метр	Ұңғыма №	Метр
9888	1310	9677	1020	9619	1270	6663	1510
7358	1390	9661	925	9680	1340	6662	1480
9633	1220	9700	680	9894	140	873	130
6519	650	9674	1190	6373	1430	9649	1280
6412	850	9669	1285	6374	435	9652	835
9632	1220			7376	30	7471	960
9889	120					9651	30
						6600	600
Барлығы	6760	Барлығы	5100	Барлығы	4645	Барлығы	6825
23330							

2018 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС КӨЛЕМІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

2017 ЖЫЛДАН ӨТКЕН ЖАЗЫҚ ҰНҒЫМА

№	Айы	Ұнғымалар саны			Өткел, м			Берілді/ұнғыма №	Ескертпе
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Ауытқу		
1	Қаңтар	-	-	-		230	0		
2	Ақпан		1			-		№6402	
	Жыл басынан бері	0	1	1	0	230	230		

2018 ЖЫЛҒЫ ЖАЗЫҚ ҰНҒЫМАЛАР

№	Айы	Ұнғымалар саны			Өткел, м			Берілді/ұнғыма №	Ескертпе
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Ауытқу		
1	Маусым	-	-	-	1247	1247	0		
2	Шілде	-	-	-	2801	2801	0		
3	Тамыз	2	1	-1	1282	1282	0	№6411	
	Жыл басынан бері	2	1	-1	4048	4048	0		

2018 ЖЫЛҒЫ ОҚПАНДЫ ҚАЗУ

№	Айы	Ұнғымалар саны			Өткел, м			Берілді/ұнғыма №	Ескертпе
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Ауытқу		
1	Мамыр	1	0	-1	0,00	459,00	159		
2	Маусым	2	3	1	0,00	1298,00	1298	№551,712 1,1184	
3	Шілде	0	1	1	0,00	941,50	941,5	№714	
4	Тамыз	1	0	-1	0,00	658,00	658		
	Жыл басынан бері	4	4	0	0,00	3356,50	3056,50		

ӨТБ басшысының м.а

Муканов У.Х

ГРП

№	Айы	Ұнғымалар саны			МГӨБ-1		МГӨБ-2		МГӨБ-3		МГӨБ-4	
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1	Наурыз		4		1				3			
2	Сәуір		4		3							1
3	Мамыр		6		3		1		1			1
4	Маусым		1									1
	Барлығы		15		7		1		4			3

ФЛС

№	Айы	Ұнғымалар саны			МГӨБ-1		МГӨБ-2		МГӨБ-3		МГӨБ-4	
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1	Маусым	13	13	0	2	4	4	4	4	3	3	
2	Шілде	19	29	10	4	11	5	4	5	10	5	4
3	Тамыз	19	30	11	4	4	6	6	5	10	4	10
	Барлығы	51	72	21	10	17	15	14	14	24	12	17

ӨТБ басшысының м.а

Муканов У.Х

2018 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА БЕРІЛГЕН ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ МГӨБ-КЕ БӨЛІНУ КЕСТЕСІ

№	МГӨБ-1	МГӨБ-2	МГӨБ-3	МГӨБ-4	ЕСКЕРТПЕ
1	9632	9674	9621	9649	
2	9889		9710	9652	
3			7376	9651	
4			7377	7471	
5				209	
6					
Барлығы	2	1	4	5	12

ҰҢҒЫМАЛАРДЫ БЕРУДІҢ АЙЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Айы	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ескертпе
1	Қаңтар	8	4	-4	
2	Ақпан	14	14	0	
3	Наурыз	17	21	4	
4	Сәуір	17	16	-1	
5	Мамыр	17	21	4	
6	Маусым	16	18	2	
7	Шілде	16	16	0	
8	Тамыз	16	18	2	
9	Қыркүйек	15	12	-3	
Барлығы		136	140	4	

БҰРҒЫЛАНҒАН ӨТКЕЛ ҰЗЫНДЫҚТАРЫНЫҢ АЙЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Айы	Жоспар	Факт		Ескертпе
1	Қаңтар	11130	16550	5420	
2	Ақпан	19465	25175	5710	
3	Наурыз	23650	26335	2685	
4	Сәуір	24270	29245	4975	
5	Мамыр	24270	28215	3945	
6	Маусым	22840	26190	3350	
7	Шілде	22840	22790	-50	
8	Тамыз	22840	23900	1060	
9	Қыркүйек	21410	23300	1890	
Барлығы		192715	221700	28985	

МГӨБ БОЙЫНША БҰРҒЫЛАНҒАН ӨТКЕЛДЕРДІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ

МГӨБ-1		МГӨБ-2		МГӨБ-3		МГӨБ-4	
Ұңғыма №	Метр	Ұңғыма №	Метр	Ұңғыма №	Метр	Ұңғыма №	Метр
9632	205	9669	-5	7377	1295	9652	415
9889	1270	9692	1300	9710	1300	9651	1210
6519	200	9691	30	9621	1310	7471	730
9630	1415			7376	1330	209	1360
				6373	-	9647	1230
				9680	-	6600	720
				6374	955	157	1340
				9627	575	5531	1650
						752	1605
						6598	1220
						9650	220
						785	420
Барлығы	3090	Барлығы	1325	Барлығы	6765	Барлығы	12120
23300							

2018 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС КӨЛЕМІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

2017 ЖЫЛДАН ӨТКЕН ЖАЗЫҚ ҰНҒЫМА

№	Айы	Ұнғымалар саны			Өткел, м			Берілді/ұнғыма №	Ескертпе
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Ауытқу		
1	Қаңтар	-	-	-		230	0		
2	Ақпан		1			-		№6402	
Жыл басынан бері		0	1	1	0	230	230		

2018 ЖЫЛҒЫ ЖАЗЫҚ ҰНҒЫМАЛАР

№	Айы	Ұнғымалар саны			Өткел, м			Берілді/ұнғыма №	Ескертпе
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Ауытқу		
1	Маусым	-	-	-	1247	1247	0		
2	Шілде	-	-	-	2801	2801	0		
3	Тамыз	2	1	-1	1282	1282	0	№6411	
4	Қыркүйек	-	2	-1		618	0	№6405, №6408	
Жыл басынан бері		2	3	-2	5330	5948	0		

2018 ОҚПАНДЫ ҚАЗУ

№	Айы	Ұнғымалар саны			Өткел, м			Берілді/ұнғыма №	Ескертпе
		Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	Факт	Ауытқу		
1	Мамыр	1	0	-1	0,00	459,00	159		
2	Маусым	2	3	1	0,00	1298,00	1298	№551,712 1,1184	
3	Шілде	0	1	1	0,00	941,50	941,5	№714	
4	Тамыз	1	0	-1	0,00	658,00	658		
5	Қыркүйек		2	2	0,00	362,00	362	№4255, №7851	
Жыл басынан бері		4	6	0	0,00	3356,50	3056,50		

ӨТБ басшысының м.а

Муканов У.Х

ГРП

№	Айы	Ұнғымалар саны		
		Жоспар	Факт	Ауытқу
1	Наурыз		4	
2	Сәуір		4	
3	Мамыр		6	
4	Маусым		1	
Барлығы			15	

МГӨБ-1		МГӨБ-2		МГӨБ-3		МГӨБ-4	
Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1				3			1
3							1
3		1		1			1
7		1		4			3

ФЛС

№	Айы	Ұнғымалар саны		
		Жоспар	Факт	Ауытқу
1	Маусым	13	13	0
2	Шілде	17	29	12
3	Тамыз	19	30	11
4	Қыркүйек	19	30	11
Барлығы		68	102	34

МГӨБ-1		МГӨБ-2		МГӨБ-3		МГӨБ-4	
Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
2	4	4	4	4	4	3	3
4	11	4	4	5	10	4	4
4	4	6	6	5	10	4	10
2	-	4	7	7	13	6	10
12	17	18	21	21	37	17	27

ӨТБ басшысының м.а

Муканов У.Х

ЕЛ ИГІЛІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Серіктестік «Теңге зират қорығы» қоғамдық қорына қол ұшын берді. Зират басындағы түнеухана ғимаратының бөлмелеріне жылу батареялары қажет болатын. Бұл орын барша жанға ортақ болғандықтан онда халық қыс-жаз демей толассыз келіп жатады. Сондықтан түнеухананың зиярат етіп келген жандарға қолайлы болғанын қалаған қоғамдық қор өкілдері мекемеге жүгінді. «Бұрғылау» кәсіпорны демеушілік көрсетіп, 130 мың теңге көлемінде қаражат бөлді. Нәтижесінде бұл қаржыға 10 дана жылу батареялары сатып алынды. Қоғамдық қор директоры Саят Мыңбайұлының айтуынша, бұл түнеухана ертеректе салынған ескі ғимарат болғандықтан көптеп-көмектеп, қайырымды жандардың күшімен ішкі-сырты қалыпқа келтіріліп отырады екен. Мамандар әрдайым қадағалап, жөндеп тұрады. Басшы ризашылығын жасырмады: «Зират халықтың игілігіне пайдаланылатын дүние болғандықтан, оның салқын күндері жылусыз тұрғанын қаламадық. Сөзімізді жерде қалдырмай, бізге қолдау білдірген «Бұрғылау» мекемесіне үлкен алғыс айтамыз! Компания басшылары жұртшылыққа қашанда демеу болып, көмек беруін үзбесін. Серіктестікке мол табыс тілейміз! Еңбекқор жандардың жұмыстары жемісті болғай!», - деп ыстық ықыласын жеткізді.



СЕНБІЛІК



«Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері қала бойынша өткізілген сенбілікке ат салысты. Аталған шара мұнайлы қаланың 50 жылдық мерейтойы аясында, «Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өтті. Сенбілікке мелекеттік мекемелер мен кәсіпорындар, өндірістік және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жұмылдырылды. Олар қала аумағында санитарлық та-

зарту жұмыстарын жүргізді. «Бұрғылау» ЖШС мекемесі де өз кәсіпорнының айналасын қоқыстан арылтып, қала тазалығына өзіндік үлесін қосты. Серіктестік қызметкерлерінің пікірінше, қоршаған орта тазалығына үлес қосу - жастарға үлгі болып, келешек ұрпаққа табиғатты аялауды үйретпек. Қаланың жарты ғасырлық мерейтойына осындай сый жасаған жұмысшылар алдағы уақытта да бұл үрдісті жасастырмақшы. Өйткені, Жер Анаға құрмет осындай сенбіліктен басталады дейді қызметкерлер.



Күмістен алқа тағынған СПОРТШЫЛАР

«Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері «Қазақ газ өңдеу зауыты» мекемесінің 45 жылдық мерейтойына орай өткен облыстық ашық турнирге қатысты. Зауыт Республиканың едәуір бөлігін тұрмыстық сұйылтылған газбен қамтамасыз етеді. Аймақтың ел-жұртын құрғақ бензинмен, өңделген газбен қамтиды. Спорттық сайыстардан «ҚазГӨЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арнайы кубогін алу үшін «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарынан құралған мекемелер мен өуесқой командалар өзара сынға түсті. Жарыс Жаңаөзен қаласындағы Рахмет Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде ұйымдастырылды. Мақсат – жастарды ұлттық спорт түрлерімен шұғылдануға тарту арқылы олардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру. Сонымен қатар, спортшылардың шеберлігін арттыру болды.

Додаға қатысушы топтар шағын футбол, қазақша күрес және армрестлинг секілді спорт түрлерінен бақ сынады. Нәтижесінде, «Бұрғылау» серіктестігінің командасы жарысқа сақадай сай дайындалғандарын көрсетіп, шағын футболдан күміс жүлдені ұтып алды. 1-орынды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ командасы қанжығаласа, 3-орынды «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері иеленді. Ойын тартысты өтті. Барлық жеңімпаздар арнайы кубок, диплом және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Қатысушылардың айтуынша, мұндай сайыстар ұжымды ауызбіршілікке жетелейді. Аталған дода спорттық шеберліктерін шыңдап, жеңіс тұғырынан көрінуге деген құлшыныстарын арттырған. Шабыттанған спортшылар алда жаңа белестерді бағындыруды көздейді.



САЛАУАТТЫ ӨМІР - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Спорттың адам өмірінде алар орны ерекше екені белгілі. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Салауатты өмір салтын ұстану – денсаулыққа деген құрметті білдіреді.

«Бұрғылау» ЖШС мұнайшылар мерекесіне орай кәсіпорын цехтары арасында спорттық сайыс өткізді. Басты мақсат – қызметкерлерді салауатты өмір салтын ұстануға баулып, оны барынша насихаттау болып табылады. Спорттық шара барысында мекеме қызметкерлері футбол, волейбол, теннис, бильярд, арқан тартыс, тоғызқұмалақ ойындары бойынша өзара сынға түсті. Нәтижесінде волейбол ойыны бойынша 1-орынға «Бәйтерек» командасы, 2-орынға «Игеру цехы» командасы, ал қола жүлдеге «Өндірісті қамту базасы» командасы ие болды. Футбол бойынша «Бұрғышы» тобы бас жүлдеге, «Игеру цехы» тобы 2-орынға, сондай-ақ, «Бәйтерек» командасы 3-орынға шықты.

Қызметкерлер арасында өткен бильярд ойыны бойынша Н. Боранкулов топ жарып, қарсыластарын басып озды. А.Ким күміс жүлдені қанжығалады. Ал, Н.Тукпатов 3-орынды қанағат тұтты. Теннис ойынында алғашқы орынды Т.Шораев, 2-орынды Е.Исабергенев, 3-орынды М.Еркимбаев иеленді. Тоғызқұмалақ сайысында 1-орынды И. Қаржаубайұлы жеңіп алса, күміс жүлдені М.Сыдықбеков иеленді. 3-орынға А.Ким тұрақтады.

Арқан тарту жарысы нәтижесінде бас жүлдені «Бұрғышы» командасы ұтып алса, 2-орынды «Игеру цехы» командасы қанжығалады. 1,3-орындарды «Өндірісті қамту базасы» командасы иеленді. Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай шаралар ұжымды біріктіріп, командалық рухты көтермек. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттауға зор мүмкіндік береді.



СПАРТАКИАДАНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Серіктестік жұмысшылары Атырау қаласында өткен «KazPetroDrilling» АҚ-ға қарасты мекемелер арасындағы X спартакиадаға қатысты. Спорттық сайыс Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылды. Жарысқа сақадай сай дайындықпен барған жерлестеріміз құр алақан қайтпады. Жеңіс тұғырынан көрініп, марапаттарға ие болды. «Бұрғылау» ЖШС қызметкерлері 10 команданың ішінде жалпы командалық есепте 2-орынды иеленді. Атап айтар болсақ, шағын футболдан өткен жарыста бас жүлдені Бұрғылау жастар командасы жеңіп алды. Ал, 2-орынды Бұрғылау №2 командасы қанжығалады. Стол теннисінен бұрғышы көмекшісі Танат Шораев пен инженер Ерболат Исабергенов күміс жүлдегер атанды. ОИТҚ ауысым бастығы Терек Заиров шахматтан 3-орынға лайықты деп танылды. Машинист Ғабит Күзенбаев болса қазақ күресінен қола медальді ұтып алды.









